# АҚСАУСАҚ

Екпіндете. Напевно.







көр - гем жоқ сі - рә мұн - дай,
- ды көр - гем жоқ, сі - рә мұн - дай,
ға - шық-пын қал - қам,
Ақ-сау-сақ-
сы-рым-ды ай - там,
Ар - ма - ным жоқ
Ар-ма - ным жоқ
Ақ - сау - сақ = ай !




**АҚСАУСАҚ**

Толықсыған жарқын жүз туған айдай,
Сұлу қызды көргем жоқ сірә мұндай.
Қарақат көз, қыр мұрын, жазық маңдай,
Сүйген жарым болсашы Ақсаусақтай.

Қайырмасы: Ғашықпын қалқам,
Сырымды айтам.
Ақсаусақ-ай.
Арманым жоқ
Бір болсақ-ай.

Қабылдашы құрбыңның жазған хатын,
Әдейі арнап жолдаған аманатын.
Жалындаған жүректің жастық отын —
Сөндірмеші, сүйсінтші махаббатын.

Қайырмасы: Ғашықпын қалқам,
Сырымды айтам.
Ақсаусақ-ай.
Арманым жоқ
Бір болсақ-ай.